

МКҚК «Ақбота» бөбекжайы

Әңгіме-кеңес


Тақырыбы: «Балалардың қабілетін анықтау жолдары»

Сактаганова С

Балалардың шығармашылық қиялы мен қабілеттерін дамыту, олардың практикалық дағдыларды иемденуі сәбилік кезеңнен басталады. Тәрбиешінің бұл бағыттағы жұмысының ғылыми негізде құрылуының және талапты бірте бірте, жүйелі күрделендіру, әр түрлі жастағы балалардың білімі мен іскерлігін саралап қарау принципін сақтап, өнердің әр түрлі қазіргі кездегі даму деңгейін ескеретін белгілі бір бағдарлама бойынша жүргізілуінің маңызы зор.

Психологтар мен педагогтардың бірлесіп атқарған зерттеулері соңғы жылдары балалардың ақыл - ой және эстетикалық іс - әрекеттерінің, адамгершілік ерік қасиеттерінің деңгейі неғұрлым жоғарланғанын көрсетті. Бұл сәби кезден – ақ байқала бастады. Сондықтан балабақшаның баланың адамгершілік әлпетін қалыптастырудағы ролі мен мәні артып келеді. Баланың ақыл – ой ерекшеліктері жаратылыстан шығармашылық, ізденгіштік сипаттарға ие, алайда оны дұрыс бағытта даму жағдайлары әрқилы, сондықтан баланың ақыл – ой қабілетін дамыту, оның нақты дара ерекшеліктерін ескеріп тәрбиелеуге байланысты балалардың толыққанды ақыл – ой тәрбиесін сенсорлық процестерді қалыптастырудан бастау қажет. Ойлау әрекетін дамыту сөйлеусіз мүмкін емес. Бала тілді меңгере отырып заттар, олардың қасиеттері, белгілері туралы білімдерін игере бастайды. Нақты бағдарлама мазмұнына сай балалар қарапайым математикалық ұғымдарды меңгеру негізінде санау, салыстыру, заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу, жиын, сан, есептеу ұғымдарын да дидактикалық және танымдық ойындар арқылы үйренеді.

Мектепке дейінгі балаларға арналған көркем шығармалар баланы шынайы болмысты нақты әрекетімен таныстыра отырып, оны көркемдеп, баяндап баланың сөздік қорын молайтып, тілін байытады. Мектеп жасына дейінгі өнімді шығармашылық қызметін ұйымдастыруда, бейнелеу өнерінің сабақтары барлық жас топтарында өткізіледі.



МКҚК «Ақбота» бөбекжайы

Баяндама

Тақырыбы: «Тұлға тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»

Дуймбаева Р

Әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішпейіл азаматы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында балаларын тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі шарт. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сенімді және негізді.

Бала ол- тұлға. Тұлға тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі, тілі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – дегендей, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған жөн.

Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Міне, сондықтан да:

«Ана – үйдің берекесі,

Бала үйдің – мерекесі.

Бұтағымен ағаш сымбатты,

Ұрпағымен адам қымбатты.

Бала болсаң балғындай бол.

Айналаңа қорғандай бол» -деген қағиданы берік ұстаған ата-бабаларымыз өз ұрпағын адам – деген атаққа лайық етіп өсіруді мақсат еткен.

Ата-ана тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәнісі зор. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Әке мен ана баланың алғашқы ұстазы. Адамзат баласы ананың мейірлі мейіріне қанып, әке өсиеттерін тыңдап өссе ғана тәрбиелі отбасынан шыққаны көпке таңытыды.

Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады.

Тәрбиенің негізі «ананың әлдиінен» басталады емес пе?

Ана тәрбиесі ұлылық дәнін себеді. Тәрбиелі анадан – тәрбиелі бала өсіп шығады.

Сонғы жылдары отбасында, қоғамда ер адамдардың, әкелердің рөлі төмендегендей. Бұған кейде заманды да кінәләп жатамыз. Әрине, бала тәрбиесіндегі әкенің орны бөлек, әсіресе, ер бала тәрбиесінде. Әкенің қатаң талабын, тәрбиесін көрген бала ертең қоғамда да өз отбасында да шешуші тұлға бола алады.

Бала – ата-анасының игі істерінің жалғастырушысы, болашағы. Бала тәрбиесі – ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да жаманға да бірдей бейім болатыны баршымызға мәлім. Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларның көз алдында өтеді, сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Әрбір ата-ана – өзінің баласын Отанға пайдалы, өіне мейрімді, еңбекқор, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халық алдында да, мемлекет алдында да жауапты.

Бірде-бір ата-ананың бала тәрбиесіне немқұрайды қарауға еркі жоқ. Егерде ол, бала өсіруде қате жіберсе, осалдық байқатса, қартайғанда опық жейтіні, өкінішке ұрынатына ешбір дәлелдеп жатуды қажет етпейтін ақиқат.

Бала тәрбиесі туралы сөз болғанда: «Баланы жастан» – деген халық даналығын ұмытуға ешкімнің хақысы жоқ. Сондықтан, «бала жас, әлі ешнәрсені білмейді, өсе келер бәрі түсінеді», – деп қарау – барып тұрған қателік. Бала тәрбиесі – әр сағат, әр күн сайын тынымсыз жүргізіле беретін аса жауапты, күрделі процесс. Тәрбие отбасынан басталады, оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды.

Отбасы – ең үлкен, мықты тәрбие ошағы, шағын мемлекет. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оны мәдени- әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Үлкен ұрпақтың тәжірибесі, өмірдегі беділі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі. Бала дүниеге келгеннен бастап ата-ананың ықпалында болып, бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады. Өз отбасында бала ата-ананың қамқорлығына, шексіз сүйіспеншілігіне бөленіп, әке мен ананың жақсылығы мен дәулетінің қызығын көріп қана қоймай, адамгершілік, әдеп-инабат тағылымдарының алуы, оларды меңгеріп іс- жүзінде қолданудың ынта мен ықылас, қайрат пен қажыр ететін жолынан өтуге тиіс.

Барлық балаларға, соның ішінде ұл балаға оның қалыпты дамуына анасының да, әкесінің де, яғни екеуінің де маңызды да мәнді тәлім тәрбиесі қажет. Қай отбасында болмасын ана барлық балаларына үнемі жақын болып, өзінің аналық мейірімі мен махаббатына бөлейді. Ал ұл бала үшін әкесі жынысына байланысты жақын және олардың мінезі-құлықтары мен қарым-қатынасында көптеген ұқсастықтар анықталады, сондықтанда ұл баланың қабілеттілігі әкенің ықпалына байланысты деп айтып жататыны осыдан.

Әке ұлына күшті жыныс өкілі ретінде үлгі болады. Әке қашанда баланы сөзбен емес, өзінің ісімен тәрбиелейді. Ер бала ең алдымен әкенің өнегесінен нағыз ер адам қандай болу керектігін қабылдайды. Сондықтанда әке ұлын батылдыққа, батырлыққа, ер жүректікке, адалдыққа, қайраттылыққа, ұлтжандылыққа, әйел баласына серілік қарым-қатынас танытуға, отағасы қандай болу керек екендігін өз тәжірибесі арқылы үйретіп, үй еңбегінің аса қиын соғатын істерді өз мойнына алуға талпынуға тәрбиелеуі керек.

Ал ананың міндеті ұлының алдында барлық әйелге тән жақсы қасиеттерді көрсете отырып, өзінің шынайы және шексіз махаббатымен ұлынан да әйел баласы алдында сондай жауапты қасиеттерді көрсетуге шақырады және оның эмоционалды дамуына себепші болады. Ер баланың анасына деген қарым-қатынасы белгілі дәрежеде қыз балалармен жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру мәнін игеруге мүмкіндік тудырады, адамдарға қамқорлық жасауға үйретеді, өзінің маңайындағыларға қажетті көмек жасауға ықпал етеді.

Отбасында жеткіншек ер баланы тәрбиелеу – бұл қарапайым емес маңызды және жауапкершілікті талап ететін үлкен іс. Өйткені осы жастағы

ер баланың бойынан шығармашылыққа, өзінің өмірден орнын іздеу сияқты талпыныстарын байқауға болады. Осы тұста ата-ана олардың жан дүниесін түсініп, дер кезінде бағыт-бағдар көрсетсетсе, бұл ата-ананың бала тәрбиесіндегі тапқырлығы болып саналады.



МКҚК «Ақбота» бөбекжайы

Кеңес

Тақырыбы: Үйде рациондық тамақтануы ұйымдастыру

Медбике: Б.Қалмұхан

Рационалды тамақтану

Тамақтану - бұл ағзаның энергетикалық шығындар орнын толтыру, тіндердің жаңалануы мен құрылымы, репродуктивтік қабілетін қолдау, ағза функцияларын қамтамасыз ету және реттеу үшін ағзаға келіп түсетін тағам заттарының сіңу, қорытылу үрдісі. Қазіргі заман адамының тамақтануы бірқатар өзгерістерге ұшырады. Бүкіләлемдік экономикалық жағдай тамақтану құрамында төмендегі: • майлар, • өңделген өнімдер, • жануар тегінен шығатын өнімдер, • қант, • тұз, • ішімдік, • жүрек-қан тамырлары ауруларының (ЖҚА) негізгі себептері-ас калориясын көп мөлшерде пайдалануға ықпалын тигізді. Олар өз тарапынан тамақтанумен байланысты аурулар қатарын дамытуға әсер етті: семіздік, ЖҚА, 2 типтік қант диабеті, обырдың әртүрлі формалары, осының бәрі ерте мүгедектік пен өлім-жітімнің басты себептері болып табылады. Өңделген өнімді жаппай тұтыну жағдайында созылмалы жұқпалы емес аурулардың алдын алу мақсатында өз тамақтануыңызға мән берген жөн, күнделікті тәжірибеде дұрыс тамақтану қағидаттарын қолдану маңызды болар.

Дұрыс тамақтану:

- Ағзаның қажетті энергия мен тағам заттарына қажетсінуін қанағаттандырады.
 - Тамақтануда тамақ түрінің сан алуан болуы.
 - Тамақ нақты тәртіпте ішіп-желінеді.
 - Ағзаның ас қорыту және ферменттік мүмкіндіктеріне сәйкес келеді.
 - Сапалы және қауіпсіз келеді.
 - Тамақтанумен байланысты аурулар дамуын ескертеді, еңбекке жарамдылығы мен денсаулық деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді.
- Тамақтану әртүрлі болу керек. Бірде бір өнім құрамында ағзаға қажетті дәрумендер, минералдық заттар қажетті мөлшерде болмайды. Сол себепті өнімнің әртүрлілігі ғана ағзаға қажетті заттармен қамтамасыз ете алады. Ас тұзын шектеу. ДДҰ сарапшыларының ұсынысы бойынша тәуліктік ас тұзының мөлшері 5 гр.болу керек. Орта есеппен алғанда адамдар тәулігіне 10 гр тұз пайдаланады. Тұзды аз мөлшерде тұтыну ауырға түссе де, оған біртіндеп келу керек. Тұздың бір бөлігін лимон қышқылымен, даршын, ақжелкенмен, кинза және аскөкпен алмастыруға болады. Балық, құс етін, бұршақ (асбұршақ, үрмебұршақ, жасымық) тұқымдастарды тағамда жиі қолданыңыз. Еттің майлы емес түрін қолданыңыз. Еттегі көрініп тұрған майды, ал тауық етінің сыртқы қабатын алып тастаңыз. Шұжық, сосиски, сүрленген ет, гамбургер, хот-дог, еттің майы, чипсы, паштеттерді басқа

пайдалы азық-түлікпен алмастыру керек. Мал еті немесе тауық етінің сорпасын біраз тындырып, жиналған сорпа бетіндегі майды алып тастау керек. Тамақ әзірлеуде өсімдік майларын: күнбағыс, жүгері майын күніне 2 ас қасық пайдаланыңыз. Зәйтүн, зығыр майын салатқа қосу дұрыс. Күнделікті тамақтануда буға піскен, қайнаған және қақталған тамақтарды тұтыну пайдалы. Жеңіл сіңімді көмірсуларды: қант, тәтті аспаздық өнімдер мен басқа да тәттілерді тұтынуды шектеңіз. Қантты мөлшерден тыс пайдалану холестерин деңгейін арттырып, ағзаның қорғану қасиеттерін төмендетеді. Ұнның кесек тартылған нан өнімдерін пайдаланыңыз. Ақ нан ұнның жоғарғы сұрпынан әзірленеді, технологиялық өңдеуден өткен кезде ол өзінің 80-90% дәрумені мен кебегін жоғалтады. Қара, сұр және кебекті нан құрамында тағам талшықтары, В дәрумені бар, олардың биологиялық құндылығы жоғары, ал калориялығы төмен келеді. Құрамында майы аз сүт өнімдерін пайдаланыңыз. Жемістер және көкөністерді көп мөлшерде жеңіз (күніне 400 г кем емес). Жемістер және көкөністер құрамында В, С дәрумендері, магний, калий, кальций минералдары және холестеринді шығаратын клетчатка болады. Салаттарды өсімдік майымен (майонезсіз және қаймақсыз) әзірлеңіз. Шикі көкөністерді және азғана мөлшерде жаңғақтарды жеңіздер (сәбіз, қияр, болгар бұрышы т.б)



МКҚК «Ақбота» бөбекжайы

Тренинг

Тақырыбы: «Баланы мадақтау және жазғыру»

Балалармен жұмыс жүргізімін әрбір адам тәрбиешінің мадақтау және жазалаудың көмегімен баланың тәртіпті, жауапты болуына қол жеткізетінін біледі. Бүгінгі таңда педагогтар мен ата-аналар арасында бала тәрбиесінде мадақтау мен жазалауға деген көзқарас әртүрлі.

Кейбіреулер баланы жиі жазалап, кейде ғана мақтау айту керек десе, екінші біреулер, керісінше, жиі мақтау айтып, жаза қолданбау керек деген пікірде, Ал нағыз тәрбие мақтауды да, жазалауды да мүлде қажет етпейді деген тұжырым айтатындар да бар.

Көптеген педагогтер бала тәрбиесінде мақтау мен жазалау мәселесіне келгенде К.Д. Ушинский «Егер біз әлі күнге мадақтау мен жазалауды қолдансақ, бұл біздің тәрбиелеу өнеріміздің жетілмегенін айғақтайды. Тәрбиешіге мадақтау мен жазалау қажет болмайтын жағдайға қол жеткізген дұрыс» деген сөзін қайталаудан жалықпайды.

Бала- адамның бауыр еті, қолқа-жүрегі. Баланың арсалаңдай аймалаған ерекшелігі, апыл-тапыл адымы, ойнақтаған қылығы, былдырлаған тілі бәрі-бәрі де жаныңа жақын, жүрегіңе ыстық. Ол ержетіп, есейе бастаған шақтарда, оның әрбір жетістігі мен қуанышы-саған да қуаныш, қысқасы, бала бақытты болса ата-ана да бақытты.

Ал енді баланың бақытты болуы, жақсы азамат болып өсуі ең алдымен кімге байланысты? Әрине, ең алдымен, ата-аналар, сіздерге байланысты. Бала тәрбиесі-әр күн, әр сағат сайын тынымсыз жүргізіле беретін аса жауапты, аса күрделі процесс. Сондықтан да әрбір ата-ана өзінің баласын Отанға пайдалы, өзіне мейірімді, еңбекқор, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халық алдында да, мемлекет алдында да жауапты.

Бірде-бір ата-ананың бала тәрбиесіне немқұрайды қарауға еркі жоқ. Егер де бала өсіруде қате жіберсе, осалдық байқатса, қартайғанда опық жейтіні, өкінішке ұрынатыны-ешбір дәлелдеуді қажет етпейтіні ақиқат.

Бала тәрбиесінде отбасы өнегесі басты орынға ие болады. Сондықтан, «Бала-жас. Еш нәрсені білмейді, өсе келе бәрін түсінеді»-деп қарау –барып тұрған қателік. Бала тәрбиесі сөз болғанда «Баланы жастан» деген халық даналығын ұмытуға ешкімнің хақы жоқ. Өйткені мектеп жасына дейінгі кезеңде баланың мінез-құлқы қалыптасады. Отбасында алған тәрбиесі оның болашағына негіз болады. Осыған орай бала тәрбиесінде әрбір ата-ана оның жас кезінен ұқыпты әрі аса жауапты азамат болып өсуіне қырағылықпен қарауы ауадай қажет. Бірақ та, «Бес саусақ бірдей емес» дегендей, ата-аналар ішінен бала тәрбиесіне мән бермейтіндері де кездесетінін жасырып-жапқанымыз жараспас. Бала тәрбиесін уақ-түйек деп қарап, уақыт жоқ деген сылтаумен бұл істі жалғыз анаға қалдыратын кейбір бір мойын әкелер де, «Әй, бала деген өзі де өспей ме, маған тамағы тоқ, киімін бүтін етсем болды емес пе, не тәрбие керек оған, өзіміз солай-ақ өстік қой» деген кертартпа ұғымның шылауына шыланып жүрген әкелер де баршылық. Ондай әкелер баламен бірге болып, ықпал жасау орнына, арақ ішіп, темекі түтініне қамалып,

сайраңдауды өнер көреді. Әлбетте, бұлар өсер елге тән дәстүр емес, кейін келе кейбір әке баласы енжар, жалқау болып өссе де, «Бұл қалай болды, мұны қайдан үйренді?» -деп таңдана өкінеді. Өкінгеннен не пайда? Өткенді орнына келтіру мүмкін емес. Ержеткен бала қайтадан сәби болмайды. Кейбір ата-аналар көшеде сыпайы, таза киініп, мәдениетті жүреді. Ал үй ішінде қалай болса солай, жалаң аяқ, жалаң бас, шашы дудырап, тіпті кейде балалардың көзінше ішкііммен жүреді. Көшеде таныстарымен сыпайы да кішіпейіл сөйлеседі. Өздері бірге қызмет істеп, араласып сыйласып жүретін адамдары жайында, отбасында жағымсыз әңгімелер айтып, сыртынан ғайбаттап отырады. Бұл әдеттердің бәрі де жасөспірім балаға теріс әсер береді, үйде бір түрлі, көшеде екінші түрде жүруге болады екен деген ой туғызады, сөйтіп екіжүзді мінезге үйретеді. Ата-ананың үй ішінде, балалардың көзінше бейпіл жүріп, бейпіл сөйлеуі олардың ата-анадан үйелмен мүшелерерінің қаймықпай, дөрекі мінезді, тұрпайы болып өсіуі, оларды сыйламау, тыңдамай бетімен кету деген, көбінесе, осындайdan шығады. Қайсыбір жас аналар баласына «әдепті бол», «үлкенді сыйла» деп ақыл айтады. Ал өздері үй ішінде қарт әжесіне дөрекі сөйлейді, «қақсамашы сен қақпас» деп бетіне алып ренжітеді. «Ұқыпты, жинақты болып өс», деп ақыл үйретеді. Ал өздері үй ішінде күнделікті тұрмысында ұқыптылық көрсетпейді, көрпе-төсек күніге жиналмайды, төсек асты ескі-құсқы, кір-қоңға, лас аяқ киімге толып, ыбырсып жатады. «Еңбек сүйгіш бол, еріншек болма», -дейді. Өздеріне қызмет істемейді не үй шаруасын істеп береке таптырмайды, бос қалдырудан, қысыр әңгімеден басқаны білмейді.

Жас ата-ана балаға сөзден гөрі іс, күнделікті әдет-ғұрып өнегесі күшті әсер ететінін ескеру керек. Айтқан ақылыңыз қаншалықты дұрыс болғанымен, өз өнегеніз, өз әдет-қылығыңыз керісінше болып жатса, жалаң ақылдан еш нәтиже шықпайды. Сондықтан соңынан опынып, бармақ тістемес үшін баланы қарашадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атсалысқан мақұл. Бұл - әкелік, ата-аналық парыз емес, халық. Отан алдындағы азаматтық парызымыз.

Мадақтың мәні

Нашар оқып жүр демей балаңыздың бойынан жақсылық тауып мақтай біліңіз. Сіздің байсалды сөзіңіз қолдап, қуатыңыздың оңы қалай дегенмен ілгері ұмтылатынын ұмытпаңыз. Сабақ сұрау, сабақ тексерудің сыртында онымен әңгімелесіп жағдайын, не көріп, неге қызыққанын білуге күніне әдейлеп бірнеше уақытыңызды бөліңіз. Ұйқыға жатар алдында бетінен сүйіп, арқасынан қағып, жақсы көруді әдетке айналдырыңыз. Балаңызбен неғұрлым тығыз байланыста болсаңыз, сөзіңіз соғұрлым ықпалды, тәрбиеніз соғұрлым жұғымды болады..

Басқамен салыстыру сенімнен айырады


Баланы өзінен гөрі жақсы оқитын, өзінен гөрі көбірек жетістікке жеткен құрбы, құрдастарымен салыстырып, соларды үлгі етіп, ілгері ұмтыламын деу қателік. Мұндай бала бара – бара өзіне өзінің сенімін жоғалтады,өзін өзгеден

төмен санауға қалыптасады. Одан да оның өзімен өзін салыстырыңыз. Бұдан бір апта бұрын жазуы қандай еді, қазір қандай, кеше кітапты қалай оқып еді, бүгін қалай қалай оқып отыр – міне, осыларды салыстырыңыз. Ілгері басса – мақтаңыз, кері кетсе – даттаңыз. Бұдан пайда болмаса, зиян келмейді.

«Мінсіз» бала – бақытты бала емес.

Біз қалай десекте, ретсіз ойнап күлмейтін, ештеңе бүлдірмейтін, ата – анасының да, басқа үлкендердің де айтпағын қабағынан ұғып, ығына құлап тұратын, әй деп дауыс көтертпейтін бала болмайды. Бола қалса да, ертегідегі «бойы бір қарыс, сақалы мың қарыс» шал секілді ондай сәбиге біреудің сүйсіне қоюы неғайбыл. Іс әрекеті жасынан ересек көрсететін, жасына ісі үйлеспейтін баланы психологтар бақытсыз бала, - деп біледі. Өзінің шын бет бейнесін бетперде астына жасырған, екі жастың біріне жетпей басылып, байыздап қалған бөбекті өмір додасында айы оңынан туады деу қиын.

Мадақтау мен жазалауды пайдалану өнерін меңгеру ұстаздар мен ата-аналардан үлкен күш жігерді қажет етеді. А.С. Макаренко: «Жазалау- өте күрделі мәселе, ол тәрбиешіден үлкен әдептілік пен мұқияттылықты талап етеді» деген екен. Мадақтауға қатысты да осыны айтуға болады. Сондықтанда А.С. Макаренко мұғалімдерге, әсіресе ата-аналарға мадақтауды сирек қолдануға, ал өте қажет болмаса жазалауды мүлде қолданбауға кеңес береді.



МКҚК «Ақбота» бөбекжайы

Кеңес

Тақырыбы: «Баланың рухани әлемі

Ермекбаева А

Мектептегі орта білім берудің маңыздылығы жоғары. Сондай-ақ көптеген отбасылар үшін балаларға рухани тәрбие беріп, оларды деструктивті діни ағымдардың ықпалынан қорғаудың да маңызы төмен емес. Рухани тәрбие - әр адамды тәрбиелеу процесінің маңызды құрамдас бөлігі. Олардың лайықты азамат болып өсуі үшін нені ескеруіміз керек? Егер балаңыз дінге қызығушылық танытқан жағдайда ата-ана тарапынан қандай кеңестер айтылған жөн? Талқылап көрелік. Кейбір ата-аналар баланы тамақтандыруды, киіндіру, аяқ киімін кигізу ғана өзінің басты міндеті деп санаса, ал кейбірі баласына білім беру, оның таланты мен қабілетін дамыту үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Бірақ осы аталған қос тарапта балаларға «рухани» тәрбие беруде нені ескеру керектігін ұмыт қалдырып жатады.

Шындығында, рухани тәрбие әр адамды тәрбиелеу процесінде маңызды компонент болып табылады. Егер рухани тәрбие болмаса лайықты азаматтың орнына болашақта бәріне мойынсұнғыш «әлсіз» адам пайда болуы мүмкін. Кез-келген құндылықтар жүйесін сүйіспеншілікпен беру керек, бұндай қарым-қатынас баланың терең ойланып, дұрыс шешім қабылдауына ықпал етеді. Егер ата-аналар діннен хабары болмаса қалай дін туралы айтуға болады деген сұрақ туындауы заңдылық. Бұндай кезде білікті маманның көмегіне жүгіну керек. Қай дінді ұстансаңыз, сол діннің маманынан керекті кітаптар тізімін алып, білмеген затыңыз туралы сұраған жөн. Сондай-ақ өзге дін өкілдеріне құрмет көрсету керектігін де балаға үйрету маңызды.

Деструктивті діни ағым өкілдері өздерінің саяси мақсаттарын қарапайым адамдар арқылы жүргізуді көздейді. Соқыр діни фанатизмді дәріптеп, адамзатқа деген жеккөрінушілік сезімдер туғызады. Өз балаңыз солардың қатарынан табылмасын десеңіз ата-ана бұндай топтар туралы зерттеп, бастапқы белгілері туралы білген жөн, егер балаңыз дінге деген қызығушылық танытып жатса араласатын ортасын біліп жүріңіз.

Әр отбасы балаға қай кезден бастап дін туралы айту керектігі жайлы өздері шешеді. Қоршаған ортасына байланысты балаларда белгілі бір жасқа келгенде дін туралы, руханият туралы сұрақтардың туындауы маңызды. Көп жағдайда дін таңдауға келгенде бала ата-анасының ұстанған дінінде қалады. Кейде өз таңдауын жасап, басқа дінге деген қызығушылық танытуы мүмкін. Сондай кезде ата-аналардың азды-көпті діни сауатты болуы маңызды. Олай болмаған жағдайда балаңыз сырттағы адамдардың ықпалында кететіні сөзсіз. Бала 5-6 жасында отбасында жасалынатын діни жоралғылар туралы сұрай бастайды. Ислам дінін ұстанатын отбасы балаларында «Оразаны» адамдар не үшін ұстайды, «Айт» мерекесін неге тойлайды деген Ал 10 жасында діннің маңызын түсінсе, 12-15 жаста өзінің саналы түрде таңдауын жасайды. Тиісінше, осы жасқа дейін баланың дін туралы түсінігі қалыптасады.

Ең бастасы ата-ана балаға дін туралы, руханият туралы айтқанда өзінде түсінік болуы керек. Дін туралы ақпаратты бала бірінші кезекте үйден немесе

сауатты маманнан алғаны абзал. Біріншіден, діни білімді сенімді ақпарат көздерінен алса, екіншіден, діни білім баланың көкжиегінің кеңеюіне ықпал етеді, қосымша білімнің ешқашан зияны жоқ.



